

«ЭКО-Жер» облыстық қашықтық конкурсын өткізу туралы Ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. «ЭКО-Жер» облыстық қашықтық конкурсын өткізу туралы

1.2. Конкурс қатысушылары

Конкурсқа 7 жастан 10 жасқа дейінгі жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары, қосымша білім беру ұйымдарының балалар шығармашылық бірлестіктерінің тәрбиеленушілері қатысады.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты: шығармашылық белсенділік пен зияткерлік қызметті дамыту.

2.2. Міндеттері:

- танымдық қызығушылықты, зерттеу қабілеттерін ынталандыру;
- балалардың назарын экологиялық проблемаға аудару;
- ерте жастан бастап балаларда планетамыздың денсаулығын сақтаудың маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру.

3. Конкурсты ұйымдастырушы

3.1. Конкурстың ұйымдастырушысы- М. М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы.

4. Конкурстық жұмыстарға қойылатын талаптар

4.1. Жұмыстар бейне презентациямен ұсынылады (2 минуттан аспайды).

4.2. Жұмыс материалдары мына тақырып бойынша болуы керек: ауаның ластануы.

4.3. Конкурсқа тек авторлық жұмыстар қатыса алады. Бөтен жұмыстарды пайдалануға тыйым салынады.

4.4. Автордың шығармашылық жұмысы бұрын жарияланбауы және мұндай конкурстарға қатыспауы керек. Жұмыстың орындалу күнін көрсетіңіз.

4.5. Адам құқықтарын бұзатын, жарнамалық сипаттағы, жалпыға бірдей қабылданған мораль нормаларын көрсететін не бұзуға шақыратын жұмыстар конкурсқа қатысуға қабылданбайды.

5. Конкурсты өткізу ережелері

5.1. Конкурс өткізіледі:

- кіші жас санаты үшін: 7-10 жас.

5.2. Конкурсқа қатысушыдан бір ғана жұмыс қабылданады.

5.3. Жақсы сападағы бейне презентациялар және жарнаны төлеу, сканерленген төлем туралы түбіртек мына электронды мекенжайға жіберілуі керек: metodotdelDSH@mail.ru

5.4. Жұмыстарға мына мәлімет жазылуы тиіс: конкурсқа қатысушының және басшының тегі, аты, әкесінің аты, сыныбы, мектебі, қаласы/ауданы, жұмыс атауы, байланыс телефоны.

5.5. Қатысушы Конкурсты өткізу қағидаларын бұзған жағдайда Ұйымдастырушы оған конкурсқа қатысудан бас тарта алады.

5.6. Ұйымдастырушы алынған жұмыстарды коммерциялық емес пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

6. Конкурсты өткізу мерзімдері

6.1 Жұмыстар 2021 жылғы 14-29 қаңтар аралығында қабылданады.

6.2 Конкурстың қазылар алқасы 2021 жылдың 1-10 ақпан аралығында жұмыс істейді.

7. Шығармашылық жұмыстарды бағалау өлшемдері

- жұмыс мазмұнының конкурс тақырыбына сәйкестігі;
- өзектілігі;
- жұмысты сапалы рәсімдеу және орындау эстетикасы;
- шығармашылық тәсіл.

8. Конкурса қатысушыларды марапаттау тәртібі

8.1. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады, қатысушылар сертификаттар алады.

8.2. Жеңімпаздардың электрондық дипломдары, сертификаттар мен алғыс хаттары Оқушылар сарайының ресми сайтында орналастырылады <http://www.dshk.kz/>

9. Конкурса қатысу үшін 500 (бес жүз) теңге жарна енгізу қажет.

Төлем мынадай деректемелер бойынша жүргізіледі:

Павлодар облысы әкімдігі
Павлодар облысы білім беру басқармасының
«М. М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
Павлодар қаласы, М. Жүсіп көшесі, 27
БСН 990240004211
ЖСК KZ18914072203KZ009LN
«Сбербанк» АҚ ЕБ Банкі
БИК САБРКЗКА
Кбе 16
(**КОНКУРС** деп міндетті түрде көрсету керек)

Каспий банкі арқылы төлеу:

Төлемдер-білім-курстар және қосымша білім – ұйымды таңдаңыз-Оқушылар сарайы - қатысушының аты-жөні-сомасы-төлеу.

(**КОНКУРС** деп міндетті түрде көрсету керек)

Конкурс үйлестірушісі:
Ермекова Ғалия Тағарқызы
87014183921